в) $P(C)$= $P_{100}(k \ge 80) = P_{100}(80{,}100) \approx \Phi(x_3) - \Phi(x_2) = 0{,}5$; $x_3 = 5$;

д) $P(E)$= $P_{100}(70{,}80) \approx \Phi(x_2) - \Phi(x_1) = 0{,}494$, $x_2 = 0$.

Mathcad жүйесіндегі есептелінген есептеулер көрсетілген.

$n := 100$, $k1 := 70$, $k2 := 80$,

$p := 0.8$, $q := 1 - p$,

$x1 := \frac{k1 - n\cdot p}{\sqrt{n\cdot p\cdot q}}$, $x2 := \frac{k2 - n\cdot p}{\sqrt{n\cdot p\cdot q}}$, $x3 := \frac{n - n\cdot p}{\sqrt{n\cdot p\cdot q}}$, $x4 := \frac{0 - n\cdot p}{\sqrt{n\cdot p\cdot q}}$,

$x1 = -2.5$, $x2 = 0$, x3=5, x4 = -20

$\mathrm{pnorm}(x2,0,1) - \mathrm{pnorm}(x1,0,1) = 0.494$, $\mathrm{dnorm}(x1,0,1) = 0.018$

$\mathrm{pnorm}(x3,0,1) - \mathrm{pnorm}(x2,0,1) = 0.5$,

$\mathrm{pnorm}(x1,0,1) - \mathrm{pnorm}(x4,0,1) = 6.21 \times 10^{-3}$,

или другой вариант

$\Phi(x) := \mathrm{pnorm}(x,0,1) - 0.5$,

$P(k1,k2) := \Phi(x2) - \Phi(x1)$.

$\Phi(x1) = -0.494$, $\Phi(x2) = 0$,

$P(k1,k2) = 0.494$,

$\Phi(x3) = 0.5$, $\Phi(x4) = -0.5$,

$\Phi(x3) - \Phi(x2) = 0.5$, $\Phi(x1) - \Phi(x4) = 6.21 \times 10^{-3}$.

Ескерту: $P_n(k)$ ықтималдығын есептейтін тағы бір формула белгілі, ол n үлкен шама, p кіші шама, ал олардың көбейтіндісі $\lambda = n \cdot p$ үлкен емес сан болғанда қолданылады. Ол Пуассон формуласы $P_n(k) \approx \lambda^k \cdot e^{-\lambda} / k!$.

n=1000, k=6, p=0,003, $\lambda = 1000 \cdot 0{,}003 = 3$ болсын. Сондықтан $P_{1000}(6) = 3^6 \cdot e^{-3} / 6!$=0,05.

Есептеулер кезінде $p(k,\lambda) = \lambda^k \cdot e^{-\lambda} / k!$ функциясының кестелік мәнін немесе Mathcad-тан dpois функциясын қолдануға болады. Төменде Mathcad-тан есетеулермен файлдың көшірмесі келтірілген.

$p(k,\lambda) := \mathrm{dpois}(k,\lambda)$ $p(6,3) = 0.05$

$p(k,\lambda) := \mathrm{dpois}(k,\lambda)$.

5. Дискретті кездейсоқ шама X үлестірім заңдылығымен берілген.

X	0	10	20	30	40	50
P	0,05	0,15	0,3	0,25	0,2	0,05

Табу керек:

а) үлестірім функциясын $F(x)$, оның сызбасын салу керек;

б) математикалық үмітін, дисперсиясын, орта квадраттық ауытқуын, модасын;

в) X–тің (15;45) интервалына түсу ықтималдығын табу керек.

Шешуі:

а) X кездейсоқ шамасының $F(x)$ үлестірім функциясы (интегралдық үлестірім функциясы) X<x оқиғасының ықтималдығын анықтайды. Дискретті кездейсоқ шамасы $F(x) = P(X < x) = \sum\limits_{x_i < x} p_i = \sum\limits_{x_i < x} P(X = x_i)$ формуласымен есептелінеді, мұндағы $x_i < x$ үшін қосу барлық i бойынша жүргізіледі.

Сонымен:

- егер $x \le 0$, онда $F(x) = P(X < 0) = 0$;

- егер $0 < x \le 10$, онда $F(x) = P(X = 0) = 0{,}05$;

- егер $10 < x \le 20$, онда $F(x) = P(X = 0) + P(X = 10) = 0{,}05 + 0{,}15 = 0{,}2$;

- егер $20 < x \le 30$, онда $F(x) = P(X = 0) + P(X = 10) + P(X = 20) =$ $= 0{,}2 + 0{,}3 = 0{,}5$;

- егер $30 < x \le 40$, онда $F(x) = P(X = 0) + P(X = 10) + P(X = 20) + P(X = 30) =$ $= 0{,}5 + 0{,}25 = 0{,}75$;

- егер $40 < x \le 50$, онда $F(x) = P(X = 0) + P(X = 10) + P(X = 20) + P(X = 30) +$ $+ P(X = 40) = 0{,}75 + 0{,}2 = 0{,}95$;

- егер $x > 50$, онда $F(x) = P(X = 0) + P(X = 10) + P(X = 20) + P(X = 30)$ +
$+ P(X = 40) + P(X = 50) = 0{,}95 + 0{,}05 = 1$.

Сонымен, $F(x) = \begin{cases} 0, \ \text{егер} \ x \le 0 \\ 0{,}05, \ \text{егер} \ 0 < x \le 10 \\ 0{,}2, \ \text{егер} \ 10 < x \le 20 \\ 0{,}5, \ \text{егер} \ 20 < x \le 30 \\ 0{,}75, \ \text{егер} \ 30 < x \le 40 \\ 0{,}95, \ \text{егер} \ 40 < x \le 50 \\ 1, \ \text{егер} \ x > 50 \end{cases}$;

Сызба Mathcad жүйесінде сызылған (төменде);

б) сандық сипаттамаларын табайық. Дискретті кездейсоқ шама үшін математикалық үміт кездейсоқ шаманың барлық мүмкін мәндерін оның ықтималдықтарына көбейтіп қосқанға тең: $M(X) = \sum_i x_i p_i$. Сондықтан
$M(X) = 0 \cdot 0{,}15 + 10 \cdot 0{,}15 + 20 \cdot 0{,}3 + 30 \cdot 0{,}25 + 40 \cdot 0{,}2 + 50 \cdot 0{,}05 = 25{,}5.$

X кездейсоқ шаманың дисперсиясы $D(X) = M[X - M(X)]^2$ формуласымен немесе $D(X) = M(X^2) - [M(X)]^2$ формуласымен есептелінеді. Дискретті кездейсоқ шама үшін бұл формулалар мына түрде қолданылады: $D(X) = \sum_i (x_i - M(X))^2 \cdot p_i$ немесе $D(X) = \sum_i x_i^{\,2} p_i - (\sum_i x_i p_i)^2$. Орта квадраттық ауытқу $\sigma(x) = \sqrt{D(x)}$ санына тең; дискретті кездейсоқ шаманың модасы (белгіленуі M_0) – осы кездейсоқ шаманың ең үлкен ықтималдықты қабылдайтын мәні; X –тің (a;b) интервалына түсу ықтималдығы $P(a;b) = F(b) - F(a)$ формуласымен есептелінеді. Біздің есеп үшін бұл шамалар:

D(x)=154,75; $\sigma(x) = \sqrt{154{,}75} = 12{,}44$; M_0=20;

$P(15;45) = F(45) - F(15)$=0,75.

Төменде Mathcad-тан есептеулермен файлдың көшірмесі келтірілген, дисперсия екі формуламен де есептелінген.

ORIGIN = 1

$M := s^T \cdot p^T$ $s := (0 \ \ 10 \ \ 20 \ \ 30 \ \ 40 \ \ 50)$

$p := (0.05 \ \ 0.15 \ \ 0.3 \ \ 0.25 \ \ 0.2 \ \ 0.05)$

$M = 25.5$

$s0 := s^T - M$

$$s0 = \begin{pmatrix} -25.5 \\ -15.5 \\ -5.5 \\ 4.5 \\ 14.5 \\ 24.5 \end{pmatrix}$$

$D := \left[\overrightarrow{(s0 \cdot s0)}\right]^T \cdot p^T$

$D = 154.75$

$s2 := \begin{pmatrix} 0^2 & 10^2 & 20^2 & 30^2 & 40^2 & 50^2 \end{pmatrix}$

$D1 := s2^T \cdot p^T - M^2$

$D1 = 154.75$

$\sigma := \sqrt{D} = 12.44$

$$F(x) := \begin{vmatrix} 0 \ \text{ if } \ x \le 0 \\ 0.05 \ \text{ if } \ 0 < x \le 10 \\ 0.2 \ \text{ if } \ 10 < x \le 20 \\ 0.5 \ \text{ if } \ 20 < x \le 30 \\ 0.75 \ \text{ if } \ 30 < x \le 40 \\ 0.95 \ \text{ if } \ 40 < x \le 50 \\ 1 \ \text{ if } \ x > 50 \end{vmatrix}$$



$F(45) - F(15) = 0.75$

6. Үзіліссіз кездейсоқ шама X үлестірім тығыздығымен $f(x)$ берілген.

$$f(x) = \begin{cases} 0, \ \textit{егер} \ x \le 0 \\ \frac{2}{9}(3x - x^2), \ \textit{егер} \ 0 < x \le 3 \\ 0, \ \textit{егер} \ x > 3 \end{cases}.$$

Табу керек:

а) үлестірім функциясын $F(x)$;

б) математикалық үмітін, дисперсиясын, орта квадраттық ауытқуын, модасын, медианасын;

в) X –тің (1; 4) интервалына түсу ықтималдығы табу керек.

$F(x)$ және $f(x)$ сызбаларын салу керек.

Шешуі:

а) үлестірім функциясын келесі формула бойынша табамыз $F(x)=\int_{-\infty}^{x} f(x)dx$.

Сонымен:

- егер $x \le 0$, то $f(x)=0$, Сондықтан $F(x)=\int_{-\infty}^{0} 0\,dx = 0$;

- егер $0 < x \le 3$, онда $F(x)=\int_{-\infty}^{0} 0\,dx + \int_{0}^{x} \frac{2}{9}(3x-x^2)dx = -\ \frac{x^2(2x-9)}{27}$;

- егер $x > 3$, онда $F(x)=\int_{-\infty}^{0} 0\,dx + \int_{0}^{3} \frac{2}{9}(3x-x^2)dx + \int_{3}^{x} 0\,dx = 1$.

Сонымен, ізделінді үлестірім функциясы

$$F(x)=\begin{cases} 0, \ \textit{егер}\ x \le 0 \\ -\dfrac{x^2(2x-9)}{27}, \ \textit{егер}\ 0 < x \le 3; \\ 1, \ \textit{егер}\ x > 3 \end{cases}$$

б) үзіліссіз кездейсоқ шаманың сандық сипаттамалары мына формулалармен табылады: математикалық үміт $M(x)=\int_{-\infty(a)}^{\infty(b)} xf(x)dx$; дисперсия $D(x)=\int_{-\infty(a)}^{\infty(b)} (x-M(x))^2 f(x)dx$ немесе $D(x)=\int_{-\infty(a)}^{\infty(b)} x^2 f(x)dx - [M(x)]^2$ (интегралдау шектері кездейсоқ шаманың мүмкін мәндері Ох осінің барлық немесе (a;b) интервалының мәндерін қабылдауына байланысты); орта квадраттық ауытқуы $\sigma(x)=\sqrt{D(x)}$; X кездейсоқ шаманың модасы деп үлестірім тығыздығы максималды болатын M_o мәні айтылады; X кездейсоқ шаманың медианасы деп кездейсоқ шама M_e-ден кем немесе артық болғанда ықтималдығы бірдей болатын M_e мәні айтылады, яғни $P(X < M_e) = P(X > M_e) = 0{,}5$.

Сонымен, біздің есепте $M(x)=\int_{0}^{3} 2/9x(3x-x^2)dx = 1{,}5$; $D(x)=\int_{0}^{3} x^2 \cdot 2/9(3x-x^2)dx - 1{,}5^2 = 0{,}45$; $\sigma(X)=\sqrt{0{,}45} = 0{,}671$.

Моданы табу үшін функцияның [0; 3] кесіндісіндегі максимумын табу керек $f(x)=2/9(3x-x^2)$. Ол үшін туынды тауып, нөлге теңестіреміз: $f'(x)=2/3-4x/9$, x=3/2 нүктесінде $f'(x)=0$, бұл кризистік нүкте. Функцияны экстремумға зерттейміз: $f'(1)>0$, $f'(2)<0$, Сонымен, x=3/2 нүктесінен ауысқанда функцияның туындысы таңбасын плюстен минуске өзгертеді, олай болса x=3/2 максимум нүктесі, сондықтан M_o=3/2. Егер *f(x)* сызықты функция болса, оның графигі түзу сызық болатыны белгілі. Онда функцияның максимумы *f(x)* графигі бойынша кесінді шекарасында және M_o нүктесінде ізделінеді.

Медиананы келесі шарттан табамыз $P(X < M_e) = 0,5$, мұндағы $P(X < M_e) = P(-\infty < X < M_e) = P(0 < X < M_e)$.

$P(0 < X < M_e) = \int_0^{M_e} 2/9(3x - x^2)dx = -M_e^{\ 2}(2M_e - 9)/27$ болғандықтан, $M_e^{\ 2}(2M_e - 9)/27 = 0,5$ теңдеуін шешіп, үш түбір аламыз, олардың біреуі берілген кесіндіге тиісті: $M_e = 1,5$.

Төменде Mathcad-тан есетеулермен файлдың көшірмесі келтірілген.

$$f(x) := \frac{2}{9}\cdot\left(3\cdot x - x^2\right) \qquad \sqrt{\frac{9}{20}} = 0.671$$

$$\int_0^3 x\cdot f(x)\,dx \to \frac{3}{2} = 1.5 \qquad \int_0^3 x^2\cdot f(x)\,dx - \left(\frac{3}{2}\right)^2 \to \frac{9}{20} = 0.45$$

$$\frac{d}{dx}f(x) \to \frac{2}{3} - \frac{4\cdot x}{9} \qquad f1(x) := \frac{d}{dx}f(x)$$

$$\int_0^y f(x)\,dx \to -\frac{y^2\cdot(2\cdot y - 9)}{27} \qquad f1(x)\ \text{solve} \to \frac{3}{2}$$

$$f1(1) = 0.222 \qquad f1(2) = -0.222$$

$$-\frac{y^2\cdot(2\cdot y - 9)}{27} - 0.5\ \text{solve} \to \begin{pmatrix} 4.0980762113533159403 \\ -1.0980762113533159403 \\ 1.5 \end{pmatrix} = \begin{pmatrix} 4.098 \\ -1.098 \\ 1.5 \end{pmatrix}$$

в) X–тің (1;4) интервалына түсу ықтималдығы $P(1 < X < 4) = P(1 < X < 3) + P(3 < X < 4) = \int_1^3 2/9(3x - x^2)dx + \int_3^4 0dx = 0,741$

немесе $P(1 < X < 4) = F(4) - F(1) = 1 - \left(-\frac{1\cdot(2-9)}{27}\right) = \frac{20}{27} = 0,74.$

Төменде Mathcad-тан есетеулермен файлдың көшірмесі келтірілген.

$$\int_1^3 f(x)\,dx \to \frac{20}{27} = 0.741 \qquad f2(x) := -\frac{x^2\cdot(2\cdot x - 9)}{27}$$

$$f2(1) = 0.259 \qquad 1 - 0.259 = 0.741$$

$F(x)$ және $f(x)$ функцияларының сызбаларын Mathcad жүйесінде саламыз:

$$f(x) := \begin{cases} 0 & \text{if } x \le 0 \\ \left[\frac{2}{9}\cdot\left(3\cdot x - x^2\right)\right] & \text{if } 0 < x \le 3 \\ 0 & \text{if } x > 3 \end{cases} \qquad F(x) := \begin{cases} 0 & \text{if } x \le 0 \\ \frac{x^2\cdot(9-2\cdot x)}{27} & \text{if } 0 < x \le 3 \\ 1 & \text{if } x > 3 \end{cases}$$





7. Алты өнімді сенімділікке тексеру сынығы жүргізілуде. Әрбір өнімнің сынақты өтпеуінің ықтималдығы 25%-ды құрайды. Сынақты өтпеген өнім санының үлестірім заңын құру керек (X кездейсоқ шамасы). Осы кездейсоқ шаманың математикалық үмітін, дисперсиясын, орта квадраттық ауытқуын табу керек.

Шешуі: дискретті кездейсоқ шама X – сынақты өтпеген өнім саны. Оның мүмкін мәндері: $x_1 = 0$ (өнімдер сынақты өтті), $x_2 = 1$ (бір өнім сынақты өтпеді) және с.с. $x_7 = 6$ (алты өнім сынақты өтпеді). Мүмкін мәндер тәуелсіз және олардың әрқайсысының пайда болуы бірдей p=0,25, сондықтан X кездейсоқ шамасы бином заңы бойынша үлестірілген: $P(X=k) = P_n(k) = C_n^k p^k q^{n-k}$, мұндағы $k = 0,1,2,\ldots,6$, $q = 1-p$, $n = 6$.

Олай болса, $P(X=0) = P_6(0) = C_6^0 0{,}25^0 0{,}75^6 = 0{,}178$;

$P(X=1) = P_6(1) = C_6^1 0{,}25^1 0{,}75^5 = 0{,}356$; $P(X=2) = P_6(2) = C_6^2 0{,}25^2 0{,}75^4 = 0{,}297$;

$P(X=3) = P_6(3) = C_6^3 0{,}25^3 0{,}75^3 = 0{,}132$; $P(X=4) = P_6(4) = C_6^4 0{,}25^4 0{,}75^2 = 0{,}033$;

$P(X=5) = P_6(5) = C_6^5 0{,}25^5 0{,}75^1 = 0{,}004$; $P(X=6) = P_6(6) = C_6^6 0{,}25^6 0{,}75^0 = 0{,}0002$.

Ізделінді үлестірім заңы:

X	0	1	2	3	4	5	6
p	0,178	0,356	0,297	0,132	0,033	0,004	0,0002

Бином үлестірімінің сандық сипаттамаларын дискретті кездейсоқ шаманың белгілі формулалары бойынша алуға болады:

$M(X)=\sum_i x_i p_i$, $D(X)=\sum_i (x_i - M(X))^2 \cdot p_i$ или $D(X)=\sum_i x_i{}^2 p_i - (\sum_i x_i p_i)^2$.

Алайда, математикалық үміт пен дисперсияның қасиеттерін қолданған қолайлы, егер X – оқиғасының n сынақта пайда болуы: $M(X)=np$, $D(X)=npq$. Біздің жағдайда $M(X)=6\cdot 0{,}25=1{,}5$, $D(X)=6\cdot 0{,}25\cdot 0{,}75=1{,}125$. $\sigma(x)=\sqrt{D(X)}\approx 1{,}06$.

Төменде Mathcad-тан есетеулермен файлдың көшірмесі келтірілген.

$C(Q,R) := \mathrm{combin}(Q,R)$

$C(6,0)\cdot 0.25^{0}\cdot 0.75^{6} = 0.178$

$C(6,1)\cdot 0.25^{1}\cdot 0.75^{5} = 0.356$

$C(6,2)\cdot 0.25^{2}\cdot 0.75^{4} = 0.297$

$C(6,3)\cdot 0.25^{3}\cdot 0.75^{3} = 0.132$

$C(6,4)\cdot 0.25^{4}\cdot 0.75^{2} = 0.033$

$C(6,5)\cdot 0.25^{5}\cdot 0.75^{1} = 4.395\times 10^{-3}$

$C(6,6)\cdot 0.25^{6}\cdot 0.75^{0} = 2.441\times 10^{-4}$

Бином үлестірімінің талдауын Mathcad жүйесінде арнайы функцияларды қолданып жүргізуге болады, ол функциялардың түпкі сөзі binom (dbinom, pbinom, qbinom, rbinom). Мысалы, dbinom(*k*,*n*,*p*) функциясы ықтималдықтар мәнін шығарады т.с.с.

8. Өнім 1000 элементтен тұрады. Бір элементтің бір жыл бойына істен шығу ықтималдығы 0,001-ға тең және қалған элементтердің жағдайынан тәуелсіз.

Табу керек:

а) істен шыққан элементтер санының үлестірім заңын құрастыру керек;

б) жылына екіден кем емес элементтің істен шығу ықтималдығы қандай?

Шешуі:

а) дискретті кездейсоқ шама X – істен шыққан элементтер саны Пуассон заңымен үлестірілген (әрбір сынақта оқиғаның пайда болу ықтималдығы p аз, ал n сынақ саны үлкен): $P(X=k)=P_n(k)\approx \frac{\lambda^k}{k!}e^{-\lambda}$, мұндағы $\lambda = np = 1000\cdot 0{,}001 = 1$, $k=0,1,2,\ldots,1000$, $n=1000$.

Сонымен, $P(X=0)=P_{1000}(0)\approx \frac{1^0}{0!}e^{-1}=0{,}368$; $P(X=1)=P_{1000}(1)\approx \frac{1^0}{1!}e^{-1}=$ $0{,}368$; $P(X=2)=P_{1000}(2)\approx \frac{1^2}{2!}e^{-1}=0{,}184$;

$P(X=3)=P_{1000}(3)\approx\frac{1^3}{3!}e^{-1}0{,}061$, және т.с.с.

$P(X=10)=P_{1000}(10)\approx\frac{1^{10}}{10!}e^{-1}$=0,0000001 және т.с.с. Ізделінді үлестірім заңы:

X	0	1	2	3	…	10	…
p	0,368	0,368	0,184	0,061	…	0,0000001	…

Төменде Mathcad-тан есетеулермен файлдың көшірмесі келтірілген.

$p(k,\lambda) := \mathrm{dpois}(k,\lambda)$

$p(0,1) = 0.368$ $\quad p(4,1) = 0.015$

$p(1,1) = 0.368$ $\quad p(5,1) = 3.066\times 10^{-3}$

$p(2,1) = 0.184$ $\quad p(10,1) = 1.014\times 10^{-7}$

$p(3,1) = 0.061$ $\quad p(1000,1) = 0$

б) екіден кем емес элементтің істен шығу ықтималдығы келесі формуламен есептелінеді:

$P(X\geq 2)=1-P(X<2)$ немесе

$P(X\geq 2)=1-P(X=0)-P(X=1)$ = 1 - 0,368 - 0,368 = 0,264.

Пуассон үлестіріміне Mathcad жүйесінде арнайы функцияларды қолданып жүргізуге болады, ол функциялардың түпкі сөзі pois (dpois, ppois, qpois, rpois). Мысалы, dpois(k,n,p) функциясы ықтималдықтар мәнін шығарады т.с.с.

9. а) 1-15 нұсқалары.

Өлшегіш құрал бағасы 0,2-ге тең бөлікке бөлінген. Құралдың көрсеткіші жақын бүтін бөлікке дейін жуықталады. X кездейсоқ шамасы – жуықтау қателігі.

Табу керек:

а) үлестірім тығыздығын $f(x)$;

б) үлестірім функциясын $F(x)$;

в) математикалық үмітін, дисперсиясын;

г) есептегенде 0,04-тен кем (артық) қате кету ықтималдығын.

$F(x)$ және $f(x)$ графиктерін салу керек.

Шешуі: X кездейсоқ шамасы – жуықтап есептеуде жіберілген қате екі бүтін бөліктеу арасында бірқалыпты жүргізілген; $b-a=0{,}2$ – X –тің мүмкін мәндер енетін интервалдың ұзындығы. Бірқалыпты үлестірімнің тығыздығы

$$f(x)=\begin{cases}\frac{1}{b-a},\ \textit{егер}\ x\in(a,b)\\ 0,\ \textit{егер}\ x\notin(a,b)\end{cases}$$ формуласымен есептелінеді.

Үлестірім функциясы– $F(x)=\begin{cases} 0, \; егер\, x \le a \\ \dfrac{x-a}{b-a}, \; егер\, a < x \le b; \\ 1, \; егер\, x > b \end{cases}$

Математикалық үміті және дисперсиясы – $M(X)=\dfrac{a+b}{2}$, $D(X)=\dfrac{(b-a)^2}{12}$;

(α,β) аралығына түсу ықтималдығы – $P(\alpha < X < \beta)=\dfrac{\beta-\alpha}{b-a}$.

Біздің есеп үшін:

а) $f(x)=\begin{cases} \dfrac{1}{0,2}=5, \; егер\; x\in(0;0,2) \\ 0, \; егер\; x\notin(0;0,2) \end{cases}$;

б) $F(x)=\begin{cases} 0, \; егер\, x \le 0 \\ \dfrac{x}{0,2}=5x, \; егер\, 0 < x \le 0,2 \\ 1, \; егер\, x > 0,2 \end{cases}$;

в) $M(X)=\dfrac{0,2+0}{2}=0,1$; $D(X)=\dfrac{(0,2-0)^2}{12}=0,003$;

г) егер ол (0; 0,04) немесе (0,16; 0,2) аралығына түссе (A оқиғасы), онда есептегенде 0,04-тен кем қате кететіндігі белгілі, яғни бұл оқиғаның ықтималдығы

$$P(A)=P(0<X<0,04)+P(0,16<X<0,2)=\frac{0,04-0}{0,2}+\frac{0,2-0,16}{0,2}=0,4;$$

егер ол (0,04; 0,16) аралығына түссе (B оқиғасы), онда есептегенде 0,04-тен артық қате кететіндігі белгілі, яғни бұл оқиғаның ықтималдығы $P(B)=P(0,04<X<0,16)=\dfrac{0,16-0,04}{0,2}=0,6$ немесе $P(B)=1-P(A)$.

Mathcad жүйесінде $F(x)$ және $f(x)$ графиктерін саламыз.

$$f(x) := \left| \begin{array}{l} 0 \;\; \text{if} \;\; x \le 0 \\ 5 \;\; \text{if} \;\; 0 < x \le 0.2 \\ 0 \;\; \text{if} \;\; x > 0.2 \end{array} \right. \qquad F(x) := \left| \begin{array}{l} 0 \;\; \text{if} \;\; x \le 0 \\ (5\cdot x) \;\; \text{if} \;\; 0 < x \le 0.2 \\ 1 \;\; \text{if} \;\; x > 0.2 \end{array} \right.$$





б) 16 – 30 нұсқалары.

Қандай да бір маршруттың автобусы тек кесте бойынша ғана жүреді. Жүру интервалы 5 минут. Х кездейсоқ шамасы – автобусты күту уақыты.

Табу керек:

а) оның үлестірім тығыздығын $f(x)$;

б) үлестірім функциясын $F(x)$;

в) математикалық үмітін, дисперсиясын;

г) аялдамаға келген жолаушы автобусты ы 3 минуттен кем (артық) күту ықтималдығын.

$F(x)$ және $f(x)$ графиктерін салу керек.

Шешуі: X кездейсоқ шамасы – автобусты күту уақыты тізбектей келген екі автобустың апрасында бірқалыпты үлестірілген.

(a,b) – X мүмкін мәндерін қабылдайтын интервал, $b-a=5$ –интервал ұзындығы. Бірқалыпты үлестірімнің барлық формулаларын алдыңғы 9а есептен қарасаңыз болады.

Біздің есеп үшін:

а) $f(x)=\begin{cases} \dfrac{1}{5}=0{,}2, \ егер\ x\in(0;5) \\ 0, \ \ егер\ x\notin(0;5) \end{cases};$

б) $F(x)=\begin{cases} 0, \ \ егер\ \ x\le 0 \\ \dfrac{x}{5}=0{,}2x, \ егер\ \ 0<x\le 5 \\ 1, \ егер\ \ x>5 \end{cases};$

в) $M(X)=\dfrac{5+0}{2}=2{,}5;\quad D(X)=\dfrac{(5-0)^2}{12}=2{,}08;$

г) жолушы автобусты 3 минуттен кем күту үшін ол аялдамаға (0; 3) уақыт интервалында немесе (2; 5) уақыт интервалында келсе де (A оқиғасы) бірдей, яғни бұл оқиғаның ықтималдығы:

$$P(A)=P(0<X<3)=\frac{3-0}{5}=0{,}6;$$

жолушы автобусты 3 минуттен артық күту үшін ол аялдамаға (0; 2) уақыт интервалында немесе (3; 5) уақыт интервалында келсе де (B оқиғасы) бірдей, яғни бұл оқиғаның ықтималдығы

$P(B) = P(3 < X < 5) = \dfrac{5-3}{5} = 0{,}4$ немесе $P(B) = 1 - P(A)$.

Mathcad жүйесінде $F(x)$ және $f(x)$ сызбаларын саламыз.

$$f(x) := \begin{vmatrix} 0 \ \text{ if } \ x \le 0 \\ 0.2 \ \text{ if } \ 0 < x \le 5 \\ 0 \ \text{ if } \ x > 5 \end{vmatrix} \qquad F(x) := \begin{vmatrix} 0 \ \text{ if } \ x \le 0 \\ (0.2 \cdot x) \ \text{ if } \ 0 < x \le 5 \\ 1 \ \text{ if } \ x > 5 \end{vmatrix}$$





Бірқалыпты үлестіріміне Mathcad жүйесінде арнайы функцияларды қолданып жүргізуге болады, ол функциялардың түпкі сөздері unif: dunif(x,a,b)– үлестірім тығыздығының мәндерін шығарады; түпкі сөздері punif(x,a,b) – үлестірім функциясының мәндерін шығарады; runif(n,a,b) – (a,b) аралығында бірқалыпты үлестірілген n тәуелсіз кездейсоқ сандардың массивін шығарады.

10. Элементтің мүлтіксіз жұмыс уақыты (T кездейсоқ шамасы) $\lambda = 0{,}5$ параметрімен көрсеткішті үлестірілген, мұндағы λ - істен шығу интенсивтілігі, яғни бірлік уақыт ішіндегі істен шығудың орта саны.

Табу керек:

а) үлестірім тығыздығын $f(t)$;

б) үлестірім функциясын $F(t)$, оның ықтималдық мағынасын көрсету керек;

в) сенімділік функциясын $R(t)$, оның ықтималдық мағынасын көрсету керек;

г) математикалық үмітін, дисперсиясын;

д) элементтің t=5 сағат уақыт ішінде істен шығу ықтималдығын және элементтің t уақыт ішінде істен шықпау ықтималдығын $F(t)$, $R(t)$ және $f(t)$ графиктерін салу керек.

Шешуі: X үзіліссіз кездейсоқ шамасы $f(x) = \begin{cases} 0, \ \textit{егер} \ x < 0 \\ \lambda e^{-\lambda x}, \ \textit{егер} \ x \ge 0 \end{cases}$ тығыздығымен берілсе, онда ол көрсеткіштік үлестірім заңына бағынады. Көрсеткіштік үлестірімнің басқа ұғымдары мен формулалары:

$$F(x)=\begin{cases}0,\ \text{егер}\ x<0\\ 1-e^{-\lambda x},\ \ \text{егер}\ x\geq 0\end{cases}$$ - үлестірім функциясы; егер кездейсоқ шама $X=T$ – уақыты болса, онда $F(t)=P(T<t)=1-e^{-\lambda t}$ элементтің t уақытындағы істен шығуының ықтималдығы; $R(t)=P(T>t)=e^{-\lambda t}$ – сенімділік функциясы, t уақытындағы элементтің мүлтіксіз жұмысының ықтималдығы;

$$M(X)=\frac{1}{\lambda},\ D(X)=\frac{1}{\lambda^2},\ \sigma(X)=\frac{1}{\lambda};\ \ P(\alpha<X<\beta)=e^{-\lambda\alpha}-e^{-\lambda\beta}.$$

Біздің есепте $t\geq 0$ болатындығын ескерсек:

а) $f(t)=0{,}5e^{-0{,}5t}$;

б) $F(t)=P(T<t)=1-e^{-0{,}5t}$, элементтің t уақытындағы істен шығуының ықтималдығын анықтайды;

в) $R(t)=e^{-0{,}5t}$, t уақытындағы элементтің мүлтіксіз жұмысының ықтималдығын анықтайды;

г) $M(X)=\dfrac{1}{0{,}5}=2$; $D(X)=\dfrac{1}{0{,}5^2}=4$;

д) үлестірім функциясы t уақытындағы істен шығуының ықтималдығын анықтайтын болғандықтан, оған t=5 мәнін қойып, t=5 сағат уақыты ішіндегі істен шығуының ықтималдығын аламыз: $F(5)=1-e^{-0{,}5\cdot 5}=1-e^{-2{,}5}$=0,918; «элемент істен шығады» және «элемент істен шықпайды» оқиғалары – қарама-қарсы, сондықтан t=5 уақытындағы элементтің мүлтіксіз жұмысының ықтималдығы 1-0,918=0,082. Бұл нәтижені сенімділік функциясын қолданып алуға болады: $R(5)=e^{-0{,}5\cdot 5}=e^{-2{,}5}$=0,082.

Mathcad жүйесінде $F(t)$, $R(t)$ және $f(t)$ графиктерін салып, кейбір есептеулер жүргіземіз:

$$f(t):=\begin{vmatrix}0\ \ \text{if}\ \ t<0\\ 0.5\cdot e^{-0.5\cdot t}\ \ \text{if}\ \ t\geq 0\end{vmatrix}\qquad F(t):=\begin{vmatrix}0\ \ \text{if}\ \ t<0\\ 1-e^{-0.5\cdot t}\ \ \text{if}\ \ t\geq 0\end{vmatrix}$$





$$R(t):=\begin{vmatrix}0\ \ \text{if}\ \ t<0\\ e^{-0.5\cdot t}\ \ \text{if}\ \ t\geq 0\end{vmatrix}$$



$$e^{-2.5}=0.082$$

$$1-e^{-2.5}=0.918$$

Көрсеткіштік үлестіріміне Mathcad жүйесінде арнайы функцияларды қолданып жүргізуге болады, ол функциялардың түпкі сөздері exp: dexp(x,λ) – үлестірім тығыздығының мәндерін шығарады; түпкі сөздері pexp(x,λ) – үлестірім функциясының мәндерін шығарады; rexp(n, λ) – λ параметрлі көрсеткішті үлестірілген n тәуелсіз кездейсоқ сандардың массивін шығарады.

11. Қандай да бір өнімді өлшеу жүргізілді. Өнімнің өлшемінің номиналдан кездейсоқ ауытқуы (X кездейсоқ шамасы) a=10 және σ=2 параметрлі қалыпты үлестірім заңына бағынады.

Табу керек:

а) үлестірім тығыздығын $f(x)$;

б) үлестірім функциясын $F(x)$;

в) математикалық үмітін, дисперсиясын;

г) $(\alpha;\beta)$ аралығына түсу ықтималдығын;

д) өлшеу абсолют шамасы бойынша δ=3-тен аспайтындай қате жіберу ықтималдығын.

$F(t)$ және $f(t)$ графиктерін салу керек.

Шешуі: X үзіліссіз кездейсоқ шамасы $f(x)=\dfrac{1}{\sigma\sqrt{2\pi}}e^{-\frac{(x-a)^2}{2\sigma^2}}$ тығыздығымен берілсе, онда ол қалыпты үлестірім заңына бағынады, мұндағы a =$M(x)$ – математикалық үміт, $\sigma=\sigma(X)$– орта квадраттық ауытқу. Қалыпты үлестірімнің басқа ұғымдары мен формулалары $F(x)=\int\limits_{-\infty}^{x} f(t)dt=\dfrac{1}{\sigma\sqrt{2\pi}}\int\limits_{-\infty}^{x}\exp\left[\dfrac{-(t-a)^2}{2\sigma^2}\right]dt$ немесе $F(x)=\Phi\left(\dfrac{x-a}{\sigma}\right)+0{,}5$,

мұндағы $\Phi(x)=\dfrac{1}{\sqrt{2\pi}}\int\limits_{0}^{x} e^{-\frac{t^2}{2}}dt$ – Лаплас функциясы, оның мәнін кестеден немесе Mathcad жүйесінде табуға болады;

$P(\alpha<X<\beta)=F(\beta)-F(\alpha)=\Phi\left(\dfrac{\beta-a}{\sigma}\right)-\Phi\left(\dfrac{\alpha-a}{\sigma}\right)$- $(\alpha;\beta)$ интервалына түсу ықтималдығы ;

- $P(|X-a|\le\delta)=2\Phi\left(\dfrac{\delta}{\sigma}\right)$ - кездейсоқ шаманың өзінің математикалық үмітінен δ-дан артық емес ауытқуының ықтималдығы.

Біздің есеп үшін:

а) $f(x)=\dfrac{1}{2\sqrt{2\pi}}e^{-\frac{(x-10)^2}{8}}$;

б) $F(x)=\Phi\left(\dfrac{x-10}{2}\right)+0{,}5$;

в) $M(X)=a=10$, $\sigma(X)=\sigma=2$, $D(X)=\sigma^2=4$;

г) $P(12 < X < 14) = \Phi\left(\frac{14-10}{2}\right) - \Phi\left(\frac{12-10}{2}\right) = \Phi(2) - \Phi(1)$=0,4772-0,3413=0,1359;

д) $P(|X - 10| \le 3) = 2\Phi\left(\frac{3}{2}\right) = 2\Phi(1{,}5)$ =0,4332.

Лаплас функциясының мәні бұл жерде кестеден алынған, оны Mathcad жүйесінде де табуға болады.

Қалыпты үлестіріміне Mathcad жүйесінде арнайы функцияларды қолданып жүргізуге болады, ол функциялардың түпкі сөздері norm және *d, p, q, r*. әріптерінен басталатын сөздер. Мысалы, dnorm $(x,a,\ \sigma)$ – үлестірім тығыздығының мәндерін шығарады; түпкі сөздері pnorm (x,a,σ) – үлестірім функциясының мәндерін шығарады. Осы функцияларды сәйкес графиктерді салу үшін қолданамыз. Төменде Mathcad-та есептеулермен файлдың көшірмелері келтірілген.

$f(x) := \mathrm{dnorm}(x, 10, 2)$ $\qquad$ $F(x) := \mathrm{pnorm}(x, 10, 2)$



Әдебиеттер тізімі

1 Жаңбырбаев Б.С. Ықтималдықтар теориясы және математикалық статистика элементтері. –Алматы, 2006. – 184 бет.

2 Қазешев А. Ықтималдықтар теориясы және математикалық статистика. – Алматы, 2011.

3 Мұстахишев К.М., Ералиев С.Е., Атабай Б.Ж. Математика (толық курс). -Алматы, 2009. -358 бет.

4 Қазешев А. Ықтималдықтар теориясы және математикалық статистика бойынша есептер жинағы. – Алматы, 2005.

5 Астраханцева Л.Н., Байсалова М.Ж. Ықтималдықтар теориясы және математикалық статистика. 5В070400 – Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету, 5В070300 – Ақпараттар жүйесі мамандықтарының студенттері үшін дәрістер жинағы. - Алматы: АЭжБУ, 2013.- 49 б.

Мазмұны

2018 ж. қосымша жоспары, реті 9

Астраханцева Людмила Николаевна
Байсалова Мәншүк Жұмамұратқызы

ЫҚТИМАЛДЫҚТАР ТЕОРИЯСЫ ЖӘНЕ МАТЕМАТИКАЛЫҚ СТАТИСТИКА

5В070400- Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету мамандығы бойынша оқитын студенттер үшін есептеу-сызба жұмыстарды орындауға арналған әдістемелік нұсқаулықтар мен тапсырмалар
1 бөлім

Редактор Ж.Изтелеуова
Стандарттау бойынша маман Н.Қ.Молдабекова

Басуға_________ қол қойылды Пішімі 60x84 1/16
Таралымы 30 дана Баспаханалық қағаз №1
Көлемі 1,9 баспа табақ Тапсырыс Бағасы 970 тг.

«Алматы энергетика және байланыс университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамының
көшірме-көбейткіш бюросы
050013, Алматы, Байтұрсынұлы көшесі, 126